

Ертеңгілік қоштасуды жеңілдету тәсілдері:



Қобалжулары қатты ата-аналардың балалары да балабақшаға қиын бейімделеді, өйткені ата-анасының қобалжуын көріп, баланың қорқынышы ұлғая бастайды.

Осы кезде ата-аналар балаға көмек беруі керек.

- ✓ Баламен тез қоштасып үйреніңіз. Қоштасуды созбаңыз.
- ✓ Бала сіздің қобалжығаныңызды көрсе, тыныштануы ұзаққа созылады.
- ✓ Балаңыз сізге сенсін десеңіз, балабақшаға әкеліп, көрінбей қашып кетпеңіз.
- ✓ Балаңызға ұнайтын қоштасу рәсімін ойлап табыңыз және соны қатал ұстаныңыз.
- ✓ Балабақшаға барғаны үшін жаңа ойыншық сатып алып, балаңызды еркелетпеңіз.
- ✓ Балаға анық түсінік беру керек.
- ✓ Бір рет болсын баланың дегенін істесеңіз, әрі қарай баланы көндіру өте қиынға түседі.
- ✓ Балалар үшін балабақшаға бейімделу күрделі құбылыс.
- ✓ Бейімделу уақытында баланың эмоциялық жағдайы көп өзгеріске түседі.